

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Спорт факультеті

Оқу-әдістемелік комитеті мәжілісінің
№3 Хаттамасы

Түркістан қаласы

18.11.2025 ж.

Қатысқандар: Факультет деканы Е.Сейдахметов, факультеттің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Р.Нарықбай, факультеттің ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары С.Мамбеталиев, факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Асанов, Педагогикалық бағыт бойынша комитет төрағасы Т.Кулманбетов, «Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық» кафедрасының оқу-әдістемелік ісіне жауапты оқытушы-магистр Б.Баєтов, «Дене мәдениеті» кафедрасының оқу-әдістемелік ісіне жауапты оқытушы-магистр А.Тасболат.

Күн тәртібі:

1. Бітіруші студенттер мен магистранттар үшін қорытынды аттестаттау пәндерінің тізімін талқылап, емтихандардың сұрақтарын талдау, бағдарламаларын бекітуге ұсыну және бітіру жұмысы формасын (диплом жұмысы/дипломдық жоба) анықтау.

2. Дипломдық, магистрлік жұмыстардың (жоба) тақырыптарын, жетекшілерін, пікір берушілерін талқылау, бекітуге ұсыну.

3. Студенттер арасында пәндік олимпиадалар ұйымдастыру.

4. Білім алушылардың құзыреттерді меңгеру деңгейін бағалаудың факультетте жүзеге асырылу жағдайын талдау.

5. Кафедраларда оқытылатын пәндердің оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілуі жағдайы.

6. Әр түрлі мәселелер.

6.1. 2025 жылғы түлектердің жұмысқа орналасуы;

6.2. 1-ші семестрде өтілетін ашық (мастер класс, ақылдасу) сабақтар өткізу;

6.3. Факультеттің ОПҚ жоспар бойынша дайындайтын оқулық, оқу-құралдарын, оқу-әдістемелік құралдары мен нұсқаулықтарын талқылап бекіту

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша факультеттің оқу ісіне жауапты декан орынбасары, аға оқытушы Р.Нарықбай сөз алып, Факультетке қарасты 6B01404 – «Бастапқы әскери дайындық», 6B01485 – «Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық», 6B01405 – «Дене шынықтыру және спорт» және 6B01405 – «Дене шынықтыру және спорт бакалавриат ІР» білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылар бітіру жылы дипломдық жоба орнына мемлекеттік емтихан тапсыратынын, аталған білім беру бағыттары бойынша бітіруші студенттердің қорытынды аттестаттауды өткізу нысандарының бағдарламалары 2025 жылы 10 қараша күні Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөліміне тексеруге және бекітуге ұсынылғанын айтты. Сонымен қатар, Спорт факультетінде 4 білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылар оқитынын, соның ішінде кешенді емтихандардың тапсыру түрі мен пәндердің тізімін айтып:

6B01404 – «Бастапқы әскери дайындық» білім беру бағдарламасы бойынша жазбаша кешенді емтихан пәндер: 1-ші – «Бастапқы әскери дайындық пәнін оқыту әдістемесі» пәні және 2-ші – «Әскери патриоттық тәрбие негіздері» пәні, тәжірибелік кешенді емтихан пәндер: 1-ші – «Саптық дайындық» пәні, және 2-ші – «Атыс дайындығы» пәні.

6B01405 – «Денешынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша жазбаша кешенді емтихан пәндер: 1-ші – «Таңдаған спорт түрінің теориясы мен әдістемесі» пәні және 2-ші – «Дене шынықтыру спорт мамандығы бойынша пәндерді

оқыту әдістемесі» пәні, тәжірибелік кешенді емтихан пәндер: 1-ші – «Таңдап алған спорт түрінің педагогикалық шеберлік негіздері» пәні, және 2-ші – «Спорттың таңдаған түрінен кәсіптік жаттықтырушылық қызметін жетілдіру» пәні.

Және **6B01485** – «Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық» және **6B01405** – «Денешынықтыру және спорт ІР» білім беру бағдарламалары бойынша бітіруші курста білім алушылар биыл аяқтамайтынын жеткізді.

Шешім: Оқу-әдістемелік комитеттің талқылауы негізінде білім беру бағдарламалары бойынша бітіруші студенттердің қорытынды аттестаттау нысандарының (жазбаша және тәжірибелік кешенді емтихандар) бағдарламалары оқу жоспарлары мен пәндердің силлабустарына толық сәйкес деп танылсын және бекітілген қорытынды аттестаттауды өткізу нысандарының бағдарламалары емтихан қабылдау кезінде қатаң басшылыққа алынсын. (Жауапты: кафедра меңгерушілері).

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселеге қарасты сұрақты факультеттің оқу ісіне жауапты декан орынбасары, аға оқытушы Р.Нарықбай жалғастыра: білім алушылар дипломдық жоба орнына мемлекеттік емтихан тапсырады, сол себепті, тақырып, жетекші және сын-пікір берушілер тізімін талқылаудың және бекітудің қажет емес екендігін айтты.

Шешім: Ескерілсін.

3. Студенттер арасында пәндік олимпиада «Бастапқы әскери дайындық» мамандығы бойынша 2026 жылы сәуір айында Тараз қаласында Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты және «Денешынықтыру және спорт» мамандығы бойынша сәуір айында Алматы қаласында Қазақ спорт және туризм академиясы базаларында өтетінін кафедралардағы ОӘК істеріне жауапты оқытушы-магистр Б.Баєтов және оқытушы-магистр А.Тасболат жеткізді.

Шешім: Студенттер арасында пәндік олимпиадаға қатысушы студенттерді іріктеп, жауапты ОПҚ-ны тағайындап, ережелеріне сәйкес олимпиадаға қатысушы білім алушылармен дайындық жұмысы қарқынды жүргізілсін. (Жауапты: кафедра меңгерушілері).

4. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе «Білім алушылардың құзыреттерді меңгеру деңгейін бағалаудың факультетте жүзеге асырылу жағдайын талдау».

Құзыреттілікке бағытталған білім беру бағдарламалары білім алушының тек теориялық білімін емес, кәсіби, әлеуметтік, әдістемелік, коммуникативтік және тұлғалық қабілеттерін бағалауды талап етеді. Сондықтан факультет деңгейінде құзыреттерді бағалау жүйесінің тиімді ұйымдастырылуы сапалы кадр даярлаудың негізгі шарты болып табылатыны факультеттің оқу-әдістемелік комитетінде талқыланып, Білім алушылардың білімін бағалау ағымдағы, аралық және қорытынды бақылау барысында әртүрлі типтегі бақылау тапсырмалары негізінде оқытылатын пәндер бойынша білім алушылардың білімін тексеру нысанында жүргізіледі.

Жүзеге асырылу жағдайын талдай келе:

- Білім беру бағдарламаларында құзыреттер нақты анықталған;
- Оқытушылар арасында бағалау критерийлері бойынша бірыңғай түсінік қалыптасқан;
- Электрондық Platonus жүйесі кеңінен қолданылады;
- Формативті бағалау мен кері байланыс тәжірибесі жақсарып келеді;
- Студенттердің жеке оқу траекториясын құруға жағдай жасалғаны айтылды.

Шешім: Бағалау процесі білім алушылардың оқу нәтижелеріне қол жеткізу деңгейлерінің айырмашылығын анықтауға бағытталуы тиіс. Бағаны негізсіз жоғарылатуды болдырмау, бағалау инклюзивті және әділ болуы, яғни ол барлық білім алушыларға жетістіктерін көрсетуге мүмкіндік беруге бағытталуы тиіс. (Жауапты: кафедра меңгерушілері, пән оқытушылары).

5. Кафедраларда оқытылатын пәндердің оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілуі жағдайы.

Факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Асанов сөз алып, Кафедраларда жүргізілетін әр пән бойынша оқу-әдістемелік кешендер (силлабус, жұмыс бағдарламасы, дәріс конспектілері, тәжірибелік жұмыстар, тапсырмалар жинағы, бағалау критерийлері, әдебиеттер тізімі) әзірленіп, жыл сайын жаңартылып отыратынын. Оқу-әдістемелік материалдар білім беру стандарты мен оқу жоспарына сәйкес келетінін, студенттердің оқуына қолжетімді электрондық және баспа форматында ұсынылатынын. Кешендердің толықтығы мен өзектілігі кафедраларда тараптарынан тұрақты бақылауда болып, пәндердің сапалы оқытылуын қамтамасыз етілетінін айтты.

Сонымен қатар, «Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық» кафедрасына - 35, «Дене мәдениеті» кафедрасына – 20 қажетті оқу құралдары мен оқулықтар анықталып, оларды сатып алуға ағымдағы жылдың қазан айында 55 оқу құралдары мен оқулықтарға жалпы - 275 дана кітаптарға 3.377.600 тенгеге бағалық ұсыныс беріліп, алынды, кітапханада жалпы пайдалануда.

Шешім: Кафедраларда қажетті және жетіспейтін оқу құралдарымен оқулықтар тізімін жасап, ПОҚ арасында 2026-2027 оқу жылына оқу, оқу-әдістемелік басылымдарды дайындау жоспарына оқу құралдары мен оқулықтар жазу ұсынысы кезірген әзірленсін. (Жауапты: кафедра меңгерушілері).

6. Әр түрлі мәселелер.

6.1. 2025 жылғы түлектердің жұмысқа орналасуы.

2025 жылы Спорт факультеті бойынша - 107 түлек бітірген, - 52 түлек жұмысқа орналасқан, - 48,5% пайызды құрайды, жұмысқа орналаспағандар - 55 түлек. Оның ішінде, **Бакалавр:**

6B01404 – «Бастапқы әскери дайындық» білім беру бағдарламасы бойынша 2025 жылы 16 түлек бітірген, оның ішінде 9 түлек жұмысқа орналасқан, 56,2% пайызды құрайды. Жұмысқа орналаспағандар – 7 түлек.

6B01405 – «Денешынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша 2025 жылы 91 түлек бітірген, оның ішінде 43 түлек жұмысқа орналасқан, 47,2% пайызды құрайды. Жұмысқа орналаспағандар – 48 түлек.

Магистратура:

7M010404 – «Денешынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша 2025 жылы 2 түлек бітірген, оның ішінде 2 түлек жұмысқа орналасқан, 100% пайызды құрайды.

Шешім: Бітірген түлектермен кураторларға кері байланыс орнатып, жұмысқа орналасу көрсеткіштерін жақсарту мақсатында мәліметтер, дәлелді құжаттар апта сайын жанақтап өткізілсін. Кафедралар ұсынған шаралар бойынша орындалуы қадағаланып, кедергі болып отырған мәселелерге талдау жасалсын. (Жауапты: кафедра меңгерушілері).

6.2. 2025-2026 оқу жылындағы 1 семестрде өтілетін ашық (мастер класс, ақылдасу) сабақтар жоспары бойынша 7.10.2025ж. «Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық» кафедрасының аға оқытушысы Б.Куанышбаев «Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінің жалпы әскри жарғылары» пәнінен «Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінің тәртіптік жарғысының ережесі» тақырыбында 3-ші ғимараттың 251 аудиториясында және «Дене мәдениеті» кафедрасының профессоры Б.Абусейтов «Жүзу оқыту әдістемесімен» пәнінен «Жүзудің адам денсаулығына әсері: шынығу мен сауықтырудағы рөлі» тақырыбында 6-ші ғимараттың Спорт залында өткізді.

13.10.2025ж. «Дене мәдениеті» оқытушы-магистр А.Кеңесбай «Ұлттық ойындар» пәнінен «Ұлттық ойындардың этнографиялық ерекшеліктері» тақырыбында 6-ші ғимараттың 210 аудиториясында өткізді.

30.10.2025ж. «Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық» кафедрасының оқытушы-магистр Сембек М. «Дене шынықтыру» пәнінен «(Волейбол) Волейболшының

ойындағы тұрысы мен қозғалысын және допты төменгі, жо-ғарғы әдіспен ойынға қосуды үйрету» тақырыбында 3-ші ғим. Спорт залында өткізді.

02.11.2025ж. «Дене мәдениеті» кафедрасының профессоры О.Дүйсенов «Спорттық және белсенді туризм» пәнінен «Спорттық туризмнің даму тарихы мен қазіргі жағдайы» тақырыбында 6-ші ғимараттың 207 аудиториясында өткізді.

8.11.2025ж. «Дене мәдениеті» кафедрасының профессоры Ж.Қасымбеков «Қазақ күресі» пәнінен «Күрес өнерінің Қазақстандағы дамуы және тәрбиелік рөлі» тақырыбында 6-ші ғимараттың Спорт залында өткізді.

14.11.2025ж. «Дене мәдениеті» кафедрасының аға оқытушысы Т.Қасенов «Спорттың таңдаған түрінен кәсіптік жаттықтырушылық қызметін жетілдіру» пәнінен «Жарыс алдындағы психологиялық дайындық» тақырыбында 6-ші ғимараттың 205 аудиториясында өткізді.

21.11.2025ж. «Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық» кафедрасының оқытушы-магистр Орынбасар Н. «Дене шынықтыру» пәнінен «(Волейбол ойынындағы екі жақты ойын әдістерін дамыту» тақырыбында 3-ші ғимараттың Спорт залында өткізді.

Аталған ашық сабақтарға факультеттің оқытушылары қатысып, оң бағаларын берді. Келесі айда 8.12.2025ж. «Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық» кафедрасының аға оқытушы Кекілбекова М. «Дене шынықтыру» пәнінен «(Баскетбол) Допты алып жүру мен допты себетке әр-түрлі қашықтықтан тастауды үйрету» тақырыбында 3-ші ғимараттың Спорт залында өткізілетін ашық сабағын өз деңгейінде өткізеді деген сенім білдірілді.

Шешім: Ашық сабақтар жоспары толық орындалғаны анықталды. Кафедра меңгерушілеріне келесі семестрде де сабақ сапасын арттыру, әдістемелік инновацияларды қолдану және сабақтарды өткізудің түрлі тәсілдерін кеңейту жақтары қарастырылсын. (Жауапты: кафедра меңгерушілері).

6.3. Факультеттің ОПҚ жоспар бойынша дайындайтын оқулық, оқу-құралдарын, оқу-әдістемелік құралдары мен нұсқаулықтарын талқылап бекіту.

Спорт факультетінің 2025–2026 оқу жылына арналған оқу және оқу-әдістемелік басылымдарды әзірлеу жоспарында ф.ғ.к., профессор Баетов Көпжасар Дүрменұлы мен оқытушы-магистр Кұлманбетов Төреханның 7 б.т. көлемінде «Жеңіл атлетика оқыту әдістемесі» атты оқу құралын дайындап, 2026 жылдың қаңтар айында жарыққа шығару қарастырылған. Алайда аталған оқу құралы 2025 жылдың шілде айында өткен жылғы жоспарға сәйкес мерзімінен кеш шығарылды. Бұл кідіріс оқу материалдарын IP платформасына енгізу процесінің мамыр айында тоқтатылуына байланысты туындап, басылымды қайта жоспарлауды қажет етті.

Шешім: Барлық оқу құралдарының басылымға дайындалуын жетілдіру мақсатында, оқу-әдістемелік материалдарды сараптамаға, плагиатқа тексеруге мерзімінен бұрын ұсыну тәртібін қатаң сақтауды және бекітілген жоспарға енгізілген барлық басылымдарды уақытылы орындау үшін жауапты авторлар мен кафедра меңгерушілері арасында жүйелі қадағалансын. (Жауапты: кафедра меңгерушілері).

6.4. 6B01485 – «Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық» және 6B01404 – «Бастапқы әскери дайындық» білім беру бағдарламаларында «Әскери инженерлік дайындық, әскери топография, басқару және байланыс» пәні жүргізіледі. Аталған пәннің оқу процесін сапалы ұйымдастыру үшін осы пәнге арнайы әзірленген оқу құралының қажеттілігі туындап отыр.

Оқу үдерісінің қажеттілігі және жоғарыда көрсетілген негіздемелерге байланысты «Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық» кафедрасының аға оқытушысы, запастағы полковник Куанышбаев Бахытжан Жанадиловичтің «Әскери топография, инженерлік және әскери байланыс дайындық» атты оқу құралын Спорт факультетінің және университеттің 2025-2026 оқу жылына арналған Оқу-әдістемелік комитеттің жылдық жоспарына енгізуді сұрады.

Шешім: «Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық» кафедрасының аға оқытушысы, запастағы полковник Куанышбаев Бахытжан Жанадиловичтің «Әскери топография, инженерлік және әскери байланыс дайындық» атты оқу құралын Спорт факультетінің 2025-2026 оқу жылына арналған Оқу-әдістемелік комитеттің жылдық жоспарына енгізілсін және университеттің Оқу-әдістемелік комитеттің қарауға ұсынылсын.

**Факультеттің оқу-әдістемелік
комитет төрағасы**



А.Асанов